

Ғ.МҮСІРЕПОВ ЖӘНЕ АБАЙТАНУ ІЛІМІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Акыжанова А.Ш.

3-курс студенті

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қаласы

Қазіргі қазақ әдебиеті сынының тарихына, оның жүріп өткен жолына көркемдік сапа деңгейі тұрғысынан қарағанда бірнеше айтулы кезеңдерді атап өтуге болар еді. XX ғасырдың 20-30 жылдарында алаш арыстары негізін қалаған, осылардың арқасында жаңаша, ұлттық танымдық-көркемдік биігіне көтерілген әдеби-көркем сынымыз, ең бастысы осы арқылы сол кезеңдегі туған әдебиетіміздің тарихын, теориясын, көркемдік ізденістерін бір жүйеге түсіруге деген талпыныс, барлығы да зая кеткен жоқ. Қазіргі қазақ көркем сыны тақыр жерден басталған жоқ, құнарлы мектептен, телегей теңіз әдебиетіміздің өз қайнарынан қуат алды.

Қазақ сөз өнерінің, оның поэзиясының яки ұлт өлеңінің таза, шынайы халықтық өнер боп қалыптасуына, өркен жайып қанаттануына тілекші болып, өздерінің ақ батасын, адал тілегін арнаған және өздері де сол жолда еңбек еткен ұлт зиялылары қашанда аз болмаған ғой. Әрісі Шоқан, Абай, Ыбырай, бертінде Әлихан, Ахмет, Сұлтанмахмұт, Мағжан, Жүсіпбек, Сәкен және басқалары ұлт көркем сөзінің, оның ішінде лирика тегінің (поэзияның) жанданып жапырақ жаюына өлшеусіз үлестерін қосып, бірге біте қайнасып отырған. Сондай өлең сөз жанашырларының сапында көзі тірілерінде «Қазақ әдебиетінің алыптары» атанған академик-жазушыларымыз М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов және Ғ.Мұстафин есімдері үлкен құрметпен аталады [1].

Ғ.Мүсірепов - өз дәуірінің рухани – мәдени бел – белестерінде өшпес белгі қалдырған, әдебиетіміздің биік тұлғасы тұғырына көтерілген ұлы суреткер, ірі қоғам қайраткері, өзі айтқан әдебиетіміздің «алыптар тобының» аса көрнекті өкілі.

«Абай» романы туралы сыншылдық ой-пікір әдеби сынның эстетикалық, ғылыми тұрғыдан алғанда, әдебиеттанудағы өз орнын табу жолында ілгерілеу үстінде болып, қаламгердің талап пен талғамның өрісті арнасын да табамыз.

Романға ең алғаш шын мәнінде толық және әділ талдау жасаған Ғ.Мүсіреповтің мақаласын ерекше құнды деп атауымыз керек. Автор «Абай» романы туралы мақаласында шығармашылық идеялық-көркемдік ерекшелігін де, оның қазақ әдебиетіне қосқан жаңалығын да кең және мейлінше білгір талдаған. Бұл мақала әдеби сынның классикалық үлгісі ғана емес, сонау қырқыншы жылдардағы сын жанрының беделін көтеріп тұрған, қадірі кемімес, өнегесі өшпес еңбек.

Автордың осы мақаладағы көптеген талдауларымен тұжырымдары күні бүгінге дейін күшін, әсерін жойған жоқ.

М.Әуезовтің «Абай» романының алуан қасиетін жан-жақты дәлелдей келіп, Ғ.Мүсірепов төмендегі тұжырымға келеді:

«Абай» романы ең алдымен, ең іргелі жазушымыз. Мұхтардың 25 жылға толған жазушылық еңбегінің негізгі қорытындысы сияқты. Әдебиеттің әр саласында, әр кезде, әр жолмен айтылып келген ойлардың сарқып құйған шалқары осы «Абай» дер едім. Драмаларында, әңгімелерінде жасалып келген әр алуан образдары, елінің ой-санасын өсіруге арнаған тілек бәрі басын қосып осы романда әбден өңделіп, армансыз айтылған. Өткен заманның оң-терісін, үлкендігі мен болымсыздығын, қараңғысы мен жарығын, жұдырығы мен ойын, қысы мен жазын барынша толық көрсете алған роман бізде осы ғана» [7;40].

Ұлы Абай мұрасы жайлы Ғ. Мүсірепов әр көз өз пікірін білдіріп, әдеби сын-зерттеу, ғылыми көзқарас тұрғысынан мақалалар жазып отырған. Академик – жазушының Абайға қатысты әр жылдары жазылған, жарияланған «Абай романы туралы» (1943), «Абай және орыс классиктері» (1945), «Қазақ әдебиетінің өркендеу жолындағы Абайдың тарихи орны» (1854), «Жол-жөнекей» (1981) т. б. сын-зерттеу мақалалары белгілі. Бұдан басқа «Феномен-Феникс», «Біздің ұлы жазушымыз» сияқты мақалаларында да аз да болса Абайдың ақындық ерекшелігі туралы ара- тұра талдау беріліп, пікір айтылады. Орыс тіліндегі баспасөзде де «Глашатай дружбы» («Труд», 1954, 24 қыркүйек), «Литературную критику на уровне повышенных требований» («Советский Казахстан», 1954, №8), «Человек степей» («Известия», 1957, 22 тамыз) атты мақалалары жарияланған [5;544].

1-кесте

Академик – жазушының Абайға қатысты сын-зерттеу мақалалары

Жылы	Мақала аты
1943	Абай романы туралы
1945	Абай және орыс классиктері
1854	Қазақ әдебиетінің өркендеу жолындағы Абайдың тарихи орны
1981	Жол- жөнекей
1954	«Қазақ әдебиетінің өркендеу жолындағы Абайдың тарихи орны»
	Феномен-Феникс
	Біздің ұлы жазушымыз
Ескерту: [5;544] мәліметтері бойынша автор құрастырған	

Жамбылдың ақындық ерекшелігін, өнерпаздық тұлғасын талдауға арналған «Феномен-Феникс» мақаласында екі Ұлы ақынның шығармашылық жолын салыстыра зерттей келе Абай ақындығының терең мағынасы мен күш-қуатына, әдебиеттегі ерекше сипаты мен тарихи орнына үлкен баға береді. Бір мезгіл, бір тұста қатар өмірге келген екі алыптың бір мақсатқа, бір

тілекке ақындықтың екі түрлі саласын бойлай келгендігін айтады. Яғни бірі-жаңа әдебиет өнегесін жазу арқылы, бірі - халықтың ежелден келе жатқан өнегесі - суырып салма ақындық жолы арқылы.

Осы тұрғыда Мүсірепов былай дейді: «Абай - қазақ халқының поэзиясын, тілін, жан-жақты көркем өнерін оң жолға түсірген, тарихи еңбегі бар асқан дана, Ұлы ұстаз, қазақ халқының ойын өсіру, сезімін тереңдету, ар-намыс, адамгершілік қасиеттерін шыңдау осы ұстазымыздың қолынан етті. Қазақ ақын-жазушыларының ана сүті мен қанына тараған деп айтарлық тәрбиесі Абайдан келеді» (Заман және әдебиет, 1982, 268-6.). Ғабиттің «Қазақ әдебиетінің өркендеу жолындағы Абайдың тарихи орны» деген зерттеуі оның Абай шығармалары туралы әр көзде жазған екі мақаласының біріктірілген нұсқасы. «Абай және орыс әдебиетінің классиктері» деген бірінші мақала алғаш рет «Социалистік Қазақстан» газетінің 1945 жылғы 21 тамызындағы санында, онан соң «Ленин туы» газетінің 1945 жылғы 5 қыркүйектегі санында жарияланды. «Үлкен сарынның ақыны» деген атпен «Абай тағылымы» (1988) ұжымдық жинаққа енген. «Қазақ әдебиетінің өркендеу жолындағы Абайдың тарихи орны» атты екінші мақала алғаш рет «Социалистік Қазақстан» газетінің 1954 жылғы 27 мамырдағы санында, «Әдебиет және искусство» журналының сол жылғы санында және «Коммунизм туы» газетінің 1954 жылғы 5 қыркүйектегі санында басылған, сондай-ақ 1954 ж. Алматыда шыққан «Абайдың өмірі мен творчествосы» атты мақалалар жинағына енген. Академик-жазушы өзінің осы екі мақаласын біріктіріп, «Қазақ әдебиетінің өркендеу жолындағы Абайдың тарихи орны» (1970) деген атпен шыққан «Суреткер парызы» атты мақалалар жинағына, бес томдық шығармалар жинағының төртінші томына (1975) енгізді. Кейін «Заман және әдебиет» (1982) атты әдебиет туралы ойлары мен толғаныстары жинақталған кітабында басылды. Мүсірепов бұл мақаласында Абай поэзиясындағы орыс классиктерінің шығармаларымен үндестік сипатын ғылыми тереңдікпен ашып берген. Ұлы Абайдың қазақтың жаңа әдебиетінің көш басшысы болуындағы заңдылықтардың тарам-тарам көп саласының бірі орыс әдебиетінің классик өнегелі үлгілерін жете игере білгенінде жатқандығын зерек оймен тани білген. Өмірден жалпы адамгершілік, Ұлы мағына іздеген Абай, өмір жұмбақтарына шешу айтар, алға бастар ойды орыстың Ұлы классиктерінен - А.С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов, В. Г. Белинский, Н. Г. Чернышевский, Л. Н. Толстой, М. Е. Салтыков-Щедриннен тапқандығы, жай ғана табу емес солармен ой жарыстыра отырып, көркемдік деңгейге көтерілгендігі, қазақ әдебиетіне жаңа сапалық белгілер әкелгендігі пайымдалады [2;556].

Абай қазақ поэзиясына кіргізген толып жатқан түрлерге жан-жақты тоқталады. «Ауыз әдебиетке жақын жағдайдан есейген реалистік поэзияға бір-ақ қарғу - бұл революциялық адым!», - деп бағалайды автор Абайдың жаңашылдығын. Қазақтың жаңа реалистік поэзиясын қалыптастырып, өркендетіп әкетуге Абайға әрі Пушкин, әрі Лермонтов болуға тура келгендігін айта келіп, Мүсірепов орыс классиктері мен Абай шығармашы-

лығындағы үндестікті былайша түсіндіреді. «Қазақ поэзиясына сатира Абаймен кірді. Абай сатирасының ту ізі Салтыков, Некрасовқа қабысып жатады. Реалист ақын Абай реалист Пушкинмен, кекті Абай кекті Лермонтовпен үндес. Алған тақырыбын суреттеуі, дүние сезінуі, әр өлеңнің өзіне тән екпіні, жылата алар мұңы, ширата алар кектілігі, орыс халқының ұлы классиктерімен үндес келіп отырады. Абайда еліктеу де жоқ, «қарыз алу да жоқ, табыну да жоқ, поэзиясының орнын сол Пушкин, Лермонтовша ұғыну бар» [3; 272] Абайда еліктеу жоқ, үндестік барын дәлелдейтін бірнеше өлеңді мысалға келтіреді. Абайдың «Жазы», «Қысы», Пушкин, Некрасовта көздесетін «Жаз» бен «Қыстарға» үндес екенін жан-жақты талдайды.

Пушкиннің «Ақыны» мен Абайдың «Ақын» дейтін өлеңін салыстырады. Екі Ұлы ақынның бірінен-біріне ауысқан бір ауыз сөз жоқтығына, бірақ бірдей сөз бар екеніне оқырманның көзін жеткізе тұжырымдайды. Ал «Жүрегім менің-қырық жамау...», «Алыстан сермеп...», «Қартайдық, қайғы ойладық...», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым...», «Көңлім қайтты достан да, дұшпаннан да...», «Ішім өлген, сыртым сау...» т. б. Өлеңдері арқылы Абайдың Лермонтовпен тоғысатын, Лермонтовша толғанатын, үндес келетін сипатына тоқталады. Абай мұрасының орыстың классикалық әдебиетіне қатысты тұстарын осылайша талдай келіп, Мүсірепов ақынның ерекше ұлы еңбегі - төменгі сатыда тұрған әдебиетті ең жоғарғы сатыға шыққан реалистік әдебиетке қосуында, революция Ұлы адымында деп бағалайды. Абайдың әдебиеттегі өсиеті - шындық, шеберлік, адам баласына ортақ гуманизм, өліңді, Отанынды сүю деп саралайды. Абайдың Өзық ойының қайнар көздерінің қайда жатқаны айқындалады. Марғау заманда, қараңғылық жайлаған елдің қақ ортасында өмір кешкен Абайдың өз ортасынан оқшаулана биіктеп кетуіндегі, кең далада бірінен-бірі айнымай өтіп жатқан сұрықсыз да, серпінсіз өмір шеңберінен үзіліп оза шығуындағы заңдылықтарға талдау жасайды.

Абай әрі Ұлы, әрі ұлттық ақын деп түйіндейді. Өйткені Ұлы ақындардың орны, тарихи мәні бар өзгерістерге, туған елінің бір сатыдан бір саты жоғары өрлей беруіне қай көзде бастаушы, қай көзде қостаушы бола білгеніне байланысты екенін айта келіп, бұл тұрғыдан Абай көзқарастарында ұлы жазушы Лев Толстоймен сарындастық барлығын айтады. Абай да, Толстой да, ескірген заманды, озбырлықты, шен құмарлықты, патшалық құрылысты, оязды, азып бара жатқан жастарды т.б. сынайды. Абайдың өз заманына сәйкес идеялық бағыт-бағдар, ағартушылық күрес жолдарының «соқтықпалы, соқпақсыз» кешкен өмірімен байланыстыра отырып, прогрессивті озық тұлғасы туралы былайша баяндайды: «Шыққан ортасының, заманының қалың шытырман қайшылықтары мен қараңғылығына қарамастан, Абай өз дәуірінің прогресті ақыны екенін, қазақ халқының озық ойлы екенін көрсетіп кетті. Абай заманындағы қазақ халқының алдында тұрған тарихи сұрау - болашағының кіммен бірге екендігінде еді. Абай соған тура жауап беріп, «Орыс халқымен бірге!» деді. Абай осы әділ жауапты берді.

Орыстың революцияшыл-демократтарының Абай жүрегіне терең орнаған ойы оның осы жауабында деуіміз керек. «Дала өмірінің мешеу ескілікке камалып, ұзақ қаңтарылып қалған кезінде Абай берген жалғыз жауап ел алдындағы тас кедергіні жұлып тастағанмен бірдей еді. Бұл- ең алдымен, даланың кертартпа феодалдарына қарсы, ғасырлар бойындағы әдеттерге қарсы ашық айтылған бұқара тілегі, ел тілегі» [4;277] .Абай поэзиясының көркемдік қуаты мен терең ойлы болмысын сөз еткенде, Мүсірепов оны ақын өлеңдеріндегі мазмұн мен түрдің бірлігінде, тұтастық сипатында екенін нақты мысалдармен дәлелдеп береді. Абай өзінің ақындық арман жолында әлемдік әдебиет үлгілерінен сусындап, ғибрат алды, өнеге сіңірді десек, оның алғашқы кездескен поэзиялық мектебі ортағасыр- лық Шығыс екені белгілі. Алайда эволюция есу үстінде Абай батыс әдебиетін, оның ішінде орыстың реалистік поэзиясын өнеге тұтуы, мектеп етуге жөн сілтеуі, бұл сипат ақын шығармашылығында айқын көрінетіндігі жөнінде жан-жақты талданады. «Жол-жөнекей» атты жазбада «Қазақ әдебиетіне» басылған «Абайдың сенатқа жазған арызы» туралы ойларын ортаға салған. Тұңғыш рет басылып отырған Абайдың бұл арызы арқылы көп шындыққа көз жеткізуге болатын, талай қатенің бетін ашатын құнды материал екеніне баға береді [6]. Қазақтың көркем сөз зергері атанған жазушы Ғ. Мүсірепов прозалық шығармалар жазумен қатар туған әдебиет туралы ой-толғамдарын, сын-пікірлерін де мақала ретінде қағаз бетіне түсіріп отырған. Көп жылдық еңбектері кейіннен кітап боп басылып шықты.

Қазақ прозасын әлемдік әдебиет биігіне көтерген «Абай» романының жарық көруі әдеби сынның да эстетикалық өрісіне, ғылыми сипатта даму дәрежесіне де ықпал етті.

Әдебиет сынына, сыншыға тән қаншама қымбат белгілерді Ғ.Мүсіреповтің көптеген мақалаларынан табуға болады. Мақалалардың өткірлігі, көп білімдарлық, көркем әдебиет заңдары мен талаптарын алға кезекке қояды. Ол - әдебиеттің мүддесін пір тұтушылық, көркемдік әлеміндегі жақсы табыстарға қуанушылық, жасандылық пен схемалық атаулыға төзбеушілік, әдеби тілдің тағдырын қамқор көңілмен ұдайы ойлаушылық...



Ғ. Мүсіреповтың көркем әдебиетке, оның өлең сөз жанрының мәселелеріне қатысты айтқан сыни ескертпелері «Қазақ совет әдебиетінің қазіргі жайы мен міндеттері туралы» (1959) мақала-баяндамасында тиянақты тұжырым тапқан. «Әсіресе поэзиямыз жөнінде қолайсыз жәйттер көп. Соңғы кезде поэзиямызға қойылатын талабымыз тым бәсеңдеп кетті. Бұл, әрине, қуанарлық іс емес» дей келе, сыншы поэзиялық шығармаларға көркемдік талапты күшейту керектігіне баса назар аударады. Жазылу талабының әлсіреуінен «сөз аяғы ұйқасқан кара дүрсін өлеңмен жазылған очерктер көбейіп кетті» дейді үлкен өкінішпен [8].

Академик З.Қабдоловтың «Мүсіреповті мақтамауымыз керек, Ғ.Мүсіреповпен мақтануымыз керек» дегендей, Ғ.Мүсірепов мақтауды қажет етпейді, оның өмірін үлгі етіп, рухани мұраларын санамызға сіңіре отырып, қазіргі өскелең және келешек ұрпақтың шынайы рухани азығына айналдыру жолында жұмыс жасау әрине, біздердің - аға ұрпақтың болашақ алдындағы үлкен парызы.

Пайдаланылған әдебиет

- 1 Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының», «Атамұра» баспасы
- 2 Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы: ҚМКӘБ, 1959 – 55б.
- 3 Заман және әдебиет, 1982
- 4 Заман және әдебиет, 1982
- 5 Мүсірепов Ғ. Суреткер парызы. – Алматы: Жазушы, 1970
- 6 Мүсірепов Ғ. Әдебиет кәсіп емес, өнер. – Алматы, 1987
- 7 Қаратаев М. Эпостан эпопеяға. – Алматы: Жазушы, 1969

8 Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының туу және қалыптасу жолдары. – Алматы, 1971